

Мемлекеттік кірістер органының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізу кезінде шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшерін растайтын қорытындыны ұсыну бойынша өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 қазандағы № 612 және Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2025 жылғы 16 қазандағы № 343 бірлескен бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 52-бабы 2-тармағының 3)-тармақшасына және 469-бабы 3-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кірістер органының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізу кезінде шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшерін растайтын қорытындыны ұсыну бойынша өзара іс-қимыл қағидаларын туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі

_____ Н. Сауранбаев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі

Мемлекеттік кірістер органының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізу кезінде шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшерін растайтын қорытындыны ұсыну бойынша өзара іс-қимыл қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы, Мемлекеттік кірістер органының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) сомасының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізу кезінде шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшерін растайтын қорытындыны ұсыну бойынша өзара іс-қимыл қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 52-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және 469-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру және өткізілген жанар-жағармай материалдарының мөлшері фактісінің анықтығын растайтын қорытындысын (бұдан әрі – Қорытынды) ұсыну бойынша мемлекеттік кірістер органы мен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымының арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

Қорытынды салық органына өз құзыреті шегінде міндеттерді орындау және оларға жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті тапсырмаларды ұсыну бөлігінде қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау бойынша тақырыптық салықтық тексеру (бұдан әрі – тақырыптық тексеру) жүргізу кезінде ұсынылады.

2-тарау. Мемлекеттік кірістер органы мен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның тақырыптық аудит жүргізу кезінде қорытынды беру жөніндегі өзара іс-қимыл тәртібі

2. Мемлекеттік кірістер органдары тақырыптық тексеру басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымына

тақырыптық тексеру жүргізуге қатысу үшін өкілдің кандидатурасы ұсыну туралы сұрау салуды (бұдан әрі – Сұрау) жолдайды.

3. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым Сұранымды салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тақырыптық тексеру жүргізуге қатысу үшін өкілдің кандидатурасы ұсынады.

4. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның тақырыптық тексеруге қатысатын қызметшісі Салық кодексінің 469-бабы 3-тармағының 4-тармақшасына сәйкес Қорытындыны ұсынуды қамтамасыз етеді.

5. Мемлекеттік кірістер органының сұрау салуды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде салықтық тексеруге қатысушы болып табылатын мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамына қорытынды табыс етіледі.

6. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшісі Қорытындыға қол қояды.

Мемлекеттік кірістер органының
азаматтық авиация саласындағы
уәкілетті органмен қайтаруға
ұсынылған қосылған құн салығы
сомасының анықтығын растау
бойынша тақырыптық тексеру
жүргізу кезінде шетелдік
авиакомпания әуе кемесінің
рейсті жүзеге асыру фактісін
және өткізілген жанар-жағармай
материалдарының (авиакомпаниялар
бөлінісінде)
мөлшерін растайтын
қорытындыны ұсыну бойынша
өзара іс-қимыл қағидаларына
қосымша.

20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы кезеңге Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру және өткізілген жанар-жағармай материалдарының мөлшері фактісінің анықтығын растайтын қорытындысы

[illegible]

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Жиынтығы:	x	x	x	x	x		x	x

20__ жылғы ____ " ____ "

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты, (егер бұл жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

____ (қолы)

Ескертпе: Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісін растайтын қорытынды нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме, осы бұйрыққа қосымшада келтірілген.

Қайтаруға ұсынылған қосылған
құн салығы сомаларының
анықтығын растау бойынша
тақырыптық тексеру жүргізуге
қатысатын азаматтық авиация
саласындағы уәкілетті ұйым
қызметшісінің шетелдік
авиакомпания әуе кемесінің
рейсті жүзеге асыру және
өткізілген жанар-жағармай
материалдарының (авиакомпаниялар
бөлінісінде)
мөлшері фактісін растайтын
қорытынды нысанына
қосымша

Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісін растайтын қорытынды нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісін растайтын қорытынды нысаны (бұдан әрі – нысан) тақырыптық тексеруді жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісімен толтырылады.

2. Нысан, мемлекеттік кірістер органына табыс етіледі.

3. Нысан мына үлгіде толтырылады:

нысанда салық төлеушінің атауы, заңды мекенжайы және бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН);

нысанның 1 – бағанында қатардың рет саны көрсетіледі;

нысанның 2 – бағанында авиакомпанияның атауын көрсете отырып, оның тіркелінген мемлекеті көрсетіледі;

нысанның 3 – бағанында рейстің нөмірі көрсетіледі;

нысанның 4 – бағанында ұшып келген күні көрсетіледі;

нысанның 5 – бағанында ұшып кеткен күні көрсетіледі;

нысанның 6 – бағанында әуе кемесінің үлгісі көрсетіледі;

нысанның 7 – бағанында шетелдік авиакомпаниямен шарттың күні, нөмірі (өтінім деректемелері) көрсетіледі;

нысанның 8 – бағанында жанар-жағармай материалдарының мөлшері (тоннамен) көрсетіледі;

нысанның 9 – бағанында жанар-жағармай материалдарының маркасы көрсетіледі;

нысанның 10 – бағанында ескертпе көрсетіледі.